

Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 372 қаулысы. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 24 шілдеде № 9-12-194 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 223 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 22.07.2013 № 223 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысына сәйкес, бюджетті іске асыру мақсатында, Қарабалық ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін 8 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әр балаға тоқсан сайын әлеуметтік көмек көрсетілсін.
2. Әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган болып "Қарабалық ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі анықталсын.
3. Тиісті оқу жылы ішінде әлеуметтік көмек төлемі белгіленсін.
4. Әлеуметтік көмек төлемі екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы әлеуметтік көмек тұтынушының банктік шотына ақшалай қаражаттарды аудару жолымен жүзеге асырылады.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарабалық ауданы әкімінің орынбасары М.А. Исенбаевқа жүктелсін.
6. Қарабалық ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

әкімдіктің "Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балалары бар отбасыларына материалдық көмек көрсету туралы" 2008 жылғы 14 тамыздағы № 212 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

9-12-82 тіркелген, 2008 жылғы 18 қыркүйекте "Айна" газетінде жарияланған);
әкімдіктің "Қарабалық ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 14 тамыздағы № 212 "
Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балалары бар отбасыларына
материалдық көмек көрсету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2009
жылғы 19 қаңтардағы № 15 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді
мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-90 тіркелген, 2009 жылғы 12 ақпанда "
Айна" газетінде жарияланған).

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы
әкімдігінің 02.04.2013 № 92 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған
қатынастарға таратылады.

	<i>Қ а р а б а л ы қ</i>	<i>а у д а н ы</i>
<i>әкімінің міндет атқарушы</i>	<i>Б. Кәкімжанов</i>	